

"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 сәуірде № 20369 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген, 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Жеке және заңды тұлғалардың жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың немесе жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою тәртібі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жеке және заңды тұлғаларға олардың құнын өтей отырып, осы бұйрықпен бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне енгізілген жануарлардың аса қауіпті аурулары жағдайында жүргізіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру(зарарсыздандыру) және қайта өңдеу тәртібі";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының нұсқамасы бойынша және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 7590 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп

төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесіне енгізілген жануарлардың аурулары шыққан жағдайда жүргізіледі.

19. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат анықталған кезде тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы "Нұсқама нысандарын, оларды жасау және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-7/333 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 8662 болып тіркелген) сәйкес оларды залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өңдеу және/немесе санитариялық тазалау, жануарларды санитариялық сою туралы тиісті нұсқама береді.";

21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу жөніндегі іс-шаралар тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетті қатысуы кезінде жүргізіледі.

22. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуге тапсыру жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды аяқтағаннан кейін тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеуге тапсыру туралы акт жасайды.

23. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың өңдеуге тапсырылуы туралы актіге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеу жөніндегі ұйымның басшысы және жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың иелері қол қояды және әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының белгілеген, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеу жөніндегі ұйым орналасқан жер бойынша ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшесі мөрімен бекітіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастыру қағидасы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 7 сәуірдегі
№ 117 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2014 жылғы 30 қазандағы
№ 7-1/559 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі негізгі мәселелерді регламенттейді.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - ведомство) - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның бөлімшесі;

2) ведомствоның аумақтық бөлімшелері - ведомствоның тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қала, астана) орналасқан аумақтық бөлімшелері.

3. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың және қадағалаудың негізгі мақсаттары:

1) жануарлардың жұқпалы ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

4) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзуды болдырмау, анықтау, жолын кесу және жою.

4. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 маусымдағы № 240 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17153 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық бақылау бекетін, фитосанитариялық бақылау бекетін, сондай-ақ өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды қамтамасыз етудің заттай нормаларына сәйкес техникалық құралдарды (жабдықтарды, аспаптарды, өлшеу құралдарын, құрылғылар мен құралдарды) және өзге де техникалық құралдарды пайдаланады.

2-тарау. Қазақстан Республикасында мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру

5. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау Заңның 14-1-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерге (тұлғаларға) қатысты жүзеге асырылады.

6. Заңның 14-1-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау нысанында жүзеге асырады.

7. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес, ал Кодекстің 140-бабы 3-тармағында көзделген жағдайларда Кодекске және Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуының және олардың тамақтан улануының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу үшін аумақ пен объектілерге зерттеп-қарауды жүргізу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу туралы шешімді ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы:

1) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау органдарына жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлаған;

2) эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізілген;

3) жануарлардың жұқпалы ауруларының, оның ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен әкетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің партиясында анықталғаны туралы нотификациялар, хабарлар, хабарламалар келіп түскен;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді әкетуге немесе әкелуге тыйым салулар мен шектеулерді, уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды бұзу фактілері анықталған кезде қабылдайды.

9. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор тексеру нәтижелері туралы актіні Кодекстің 152-бабының 1-тармағына сәйкес жасайды.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғамай, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама "Нұсқама нысандарын, оларды жасау және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-07/333 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8662 тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілген нысан бойынша жасалады, "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу қағидаларының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жануарлар мен адамның денсаулығына аса қауіпті жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізатты алып қою туралы қаулы шығарады.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

- 1) ақпараттық жүйелерден;
- 2) ветеринариялық есепке алу мен есептіліктен;
- 3) басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарының нотификациялары мен хабарламаларынан;
- 4) ветеринария жүйесіне кіретін ұйымдардан келіп түсетін;
- 5) ашық дереккөздерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынатын деректер мен ақпаратты талдау, салыстыру арқылы жүргізеді.

Бақылауға жататын өнімді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға, өндіруге, дайындауға, өңдеуге, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, жергілікті атқарушы органдар және олардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бармай профилактикалық бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және алдын алу, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды Кодекстің 124-10-бабының 5-тармағына және Заңның 14-1-бабының

7-1-тармағына сәйкес өз бетінше жою құқығын бақылау және қадағалау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ұсыным жасайды, ол бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бұзушылықтар анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Ұсынымда анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түсіндірмелер, орындау мерзімі көрсетіледі.

Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып беріледі немесе төменде санамаланған тәсілдердің бірімен:

- 1) қолма-қол - алғаны туралы белгі қою күнінен бастап;
- 2) почтамен - тапсырыс хатпен;

3) электрондық тәсілмен - сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап жіберіледі және табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға жатады.

Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсыным табыс етілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімдерде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеудің арнайы журналында есепке алынады, ол нөмірленеді, тігіледі және ведомствоның немесе оның аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекемделеді.

12. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор тексеру нәтижелері бойынша Бұйрықпен бекітілген нысан бойынша нұсқама жасайды, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы"

2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 803 және 822-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, белгіленген бұзушылықтардың сипатына қарай әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулы шығарады.

13. Егер тексеру аяқталған соң қандай да бір бұзушылықтар анықталмаса онда бұл туралы тексеру және субъектісіге (объектісіге) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері туралы актіде тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор тиісті белгі жасайды.

14. Тексеру нәтижелері туралы актіге қажетті құжаттардың көшірмелері мен тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса беріледі.

15. Тексеру нәтижелері туралы акті Кодекстің 152-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес жасалады.

16. Ветеринария саласындағы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау актісі арнайы тексеру актілерін тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленеді, тігіледі және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің, мөрімен бекемделеді.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 7 сәуірдегі
№ 117 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2014 жылғы 30 қазандағы
№ 7-1/559 бұйрығына
6-қосымша

Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 8-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - ведомство) - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның бөлімшесі;

2) ветеринариялық бақылау бекеті (бұдан әрі - ВББ) - шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және ветеринария саласындағы уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және (немесе) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын ведомствоның бөлімшесі;

3) рұқсат - кейін ветеринариялық ілеспе құжатта (ветеринариялық сертификатта) көрсетіліп, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорты, импорты, транзиті кезінде тізілімде тіркей отырып, ведомство беретін нөмір;

4) тізілімнен үзінді көшірме - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беру туралы уәкілетті органның ведомствосы беретін рұқсат нөмірі мен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметті қамтитын жазбаша хабарлама;

5) тізілім - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы мәліметтерді және импортқа, экспортқа, транзитке берілген рұқсат нөмірін қамтитын ведомствоның ақпараттық базасы;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер (бұдан әрі - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер) - жануарлар, жануарлардың жыныстық және соматикалық жасушалары, жануарлар ауруларын қоздырғыштардың штаммдары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан алынатын сынамалар, судың, ауаның, топырақ қабатының, өсімдіктердің сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-түю және тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстың барлық түрлері және осындай орны;

7) құжаттамалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайдың бағалануын ескере отырып, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін, экспортына, импортына және транзитіне арналған рұқсаттардың бар-жоғын, сондай-ақ берілген құжаттар мазмұнының

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды тексеру;

8) физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жете тексеру және жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық қарап-тексеру, ұсынылған ветеринариялық ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестікті тексеру, оларда көрсетілмеген объектілердің бар болуын, сондай-ақ үйлеспейтін объектілердің бірге орны ауыстырылуын (тасымалдануын) болғызбау, көлік құралының орын ауыстыру (тасымалдау) шарттары мен режиміне, орамның және таңбалаудың белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігін бақылау;

9) зертханалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - тасымалданатын бақылаудағы тауарларды тексеру кезінде көрінетін органолептикалық өзгерістер анықталған және жануарлардың жұқпалы ауруларын болғызбаған жағдайларда осы мақсаттарға аккредиттелген зертханаларда зерттеулер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

3. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жатады.

4. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті орган шекаралық және кедендік пункттерде (Еуразиялық экономикалық одақтың шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері), сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда ВББ ұйымдастырылады.

ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүзеге асырады.

5. ВББ-ның Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары ветеринариялық қарап-тексеруді (жете тексеруді), диагностиканы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүргізу кезеңінде, сондай-ақ олар ветеринариялық құжаттарсыз тасымалданған кезде немесе ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға, талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, ВББ-да Заңның 17-бабы 6-1) тармақшасына сәйкес көлік құралдарын тоқтатуға және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді кідіртуге құқығы бар.

2-тарау. ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

6. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау кезінде ВББ-да құжаттамалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды (орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қарап-тексеру (жете тексеру) және зертханалық зерттеу үшін зертханалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау (сынамалар алу (қажет болса)) жүзеге асырады.

7. Құжаттамалық бақылауға:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық ілеспе құжаттың (ветеринариялық сертификаттың) болуын;

ветеринариялық сертификат:

ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалар дайындаушы-кәсіпорын беретін, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатпен сүйемелденеді;

жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін тасымалдайтын, саны 2 бастан аспайтын иттер мен мысықтар, сондай-ақ халықаралық паспортты алып жүру арқылы спорттық жылқылар, онда жөнелтер алдында 5 (бес) күнге дейінгі кезеңде клиникалық тексеру жүргізу туралы құзыретті органның белгісі болған жағдайда;

жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін көрсетілген өнімді өндіруші елдің және әкету елінің эпизоотиялық жағынан саламатты болған жағдайда, зауыттық орамдағы жануарлардан алынатын дайын өнімді бір жеке тұлғаға есептегенде 5 (бес) килограммға дейін қоса алғанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жеке пайдалануға арналған қол жүгін, багажы мен почта жөнелтілімдерін әкелу кезінде талап етілмейді;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттың дұрыс (толық) толтырылуы;

3) экспорттаушы елдің құзыретті органының қолдары мен мөр бедерлері болған жағдайда;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын ілеспе ветеринариялық құжатта мәліметтердің болуы;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметтердің және импортқа, экспортқа, транзитке рұқсат нөмірінің нысаны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына,

импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында көзделген тізілімінен алынған үзінді көшірме деректеріне сәйкестігін тексеру кіреді (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес импортына, экспортына, транзитіне рұқсаты болуы тиіс орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қолданылады);

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге берілген ветеринариялық ілеспе құжаттар мазмұнының сәйкестігі;

7) ұсынылған ветеринариялық ілеспе құжаттарда, көліктік (тасымалдау) құжаттарда мәліметтердің қайшылықтары болмаған;

8) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге шектеулері мен тыйым салуының болмауы;

9) Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында белгіленген жағдайларда Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін бақылауға жататын тауарларды өндіруді, өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде, Еуразиялық экономикалық одақтың бір мүше-мемлекеттен басқа мүше мемлекетке тасымалданатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде болуын тексеру кіреді.

8. Құжаттамалық бақылаудың нәтижесі:

1) ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтау;

2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге, әкетуге, транзитке, өткізуге Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының құжаттарының болуын не болмауын не тыйым салу немесе шектеу фактісін анықтау болып табылады.

9. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауының, оның салмағының (көлемінің), жалпы санының таңбалау деректеріне және ілеспе ветеринариялық құжат мәліметтеріне сәйкестігін тексеруді;

2) көлік құралына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тасымалдау режимі мен шарттарына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні ветеринариялық тексеру (тасымалдау талаптарына сәйкестігі), ал тірі жануарларды тасымалдау кезінде (қажет болса) термометрия жүргізу, пульсті және тыныс алуды өлшеуді;

5) буып-түю мен таңбалаудың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

10. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қарап-тексеру (жете тексеру) көлік компаниясы өкілінің немесе өнімді тасымалдау кезеңінде жүк алушының/жүк жөнелтушінің өкілі болып табылатын өкілдің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарап-тексеру (жете тексеру) нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық-санитариялық тексеру (тексеру) актісі жасалады.

11. Айқындаулар кезінде зертханалық зерттеулер үшін сынама алу:

1) жануарды кейін оқшаулай отырып, олардың клиникалық жағдайының өзгеруі. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын анықтау мақсатында қанның, сілекейдің, мұрын ағындыларының, эксскрименттердің сынамаларын іріктеу;

2) диагнозын белгілеу мақсатында жануардың өлім-жітімі (патологиялық материал алу);

3) дефростацияның, бүлінудің, тұтастығының, таңбалауының, бұзылуының белгілері, бөтен иістің болуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ағуы анықталған кезде жүзеге асырылады.

Іріктеп алынған материалдар зерттеулер жүргізу үшін ілеспе құжатпен бірге жақын жердегі ветеринариялық зертханаға жолданады.

Ветеринария саласындағы зертханалық зерттеулер халықаралық және ұлттық стандарттарда, сондай-ақ өнімдердің түріне, оларды зерттеу әдісіне және зерттелетін қауіпсіздік көрсеткішіне байланысты Халықаралық эпизоотиялық бюро аясында әзірленген стандарттарда, нұсқамаларда және ұсынымдарда белгіленген мерзімдерде, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлардың (өнімдердің) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы ережеге, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 80 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

12. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге қойылатын Қазақстан Республикасының мен Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өткізу кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт жасайды.

13. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелерінің

негізінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыруы кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) рұқсат беру (өткізу) туралы;
- 2) әкелуге тыйым салу туралы;
- 3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы;
- 4) әкелуді уақытша тоқтата тұру туралы.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қатысты қабылданған шешімді ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ветеринариялық және тауарға ілеспе құжаттарға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша тиісті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау мөртабандарды қою арқылы ресімдейді.

